

2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 284 Қаулысы. Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 86 болып енгізілді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы негізінде, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы мекемелердің тізбелері № 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс № 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Сарысу ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, аудандық мекемелердің басшылары және ауылдық округтердің әкімдері азаматтарды қоғамдық жұмысқа тартқан кезеңде нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарды ескерсін.

4. Қоғамдық ақылы жұмысқа қатысқан азаматтардың еңбек ақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде белгіленсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Мәдікенов

«КЕЛІСІЛДІ:»

*«Қазақстан
министрлігінің
департаментінің*

*Республикасының
Жамбыл облысы
Сарысу аудандық*

*Ішкі істер
Ішкі істер
Ішкі істер*

бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Қ . Қ ұ л ш ы н б а е в
30 желтоқсан 2009 жыл
«Жамбыл облысы Жаңатас қаласының
Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Е . А б д у л л а е в
30 желтоқсан 2009 жыл
С а р ы с у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2009 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 284 Қаулысына № 1-қосымша

2010 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін аудан аумағындағы мекемелердің тізбесі

1. «Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
2. «Сарысу ауданы Байқадам ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік м е к е м е с і .
3. «Сарысу ауданы Жайылма ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік м е к е м е с і .
4. «Сарысу ауданы Жаңаталап ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік м е к е м е с і .
5. «Сарысу ауданы Игілік ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
6. «Сарысу ауданы Тоғызкент ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік м е к е м е с і .
7. «Сарысу ауданы Жаңаарық ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік м е к е м е с і .
8. «Сарысу ауданы Қамқалы ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік м е к е м е с і .
9. «Сарысу ауданы Досбол ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік м е к е м е с і .
10. «Сарысу ауданы Түркістан ауылдық аймақ әкімінің аппараты» мемлекеттік м е к е м е с і .
11. «Жамбыл облысы Жаңатас қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
12. «Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігінің Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің Сарысу аудандық Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
13. «Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

14. «Сарысу ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
15. «Сарысу ауданы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
16. «Сарысу ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
17. «Сарысу ауданы әкімдігінің құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
18. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарысу ауданы әкімдігінің «Көгалдандыру және көріктендіру кәсіпорны» мемлекеттік мекемесі.
19. «Сарысу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі.
20. Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сарысу сулары» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.
21. Сарысу ауданы Әкімінің «Жаңатас-Су-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Ескерту. 1 Қосымшаға өзгерту енгізілді - Сарысу аудандық әкімдігінің 2010.08.24 № 175 Қаулысымен.

С а р ы с у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 0 9 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
 № 284 Қаулысына № 2-қосымша

2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

№	Жұмыс түрлері	Нақты жұмыс жағдайлары	Көлемі	Қаржы көздері	Сұраныс	Ұсыныс
1	Ауылдық аймақтардың аумақтарына тазалық жұмыстары	1. Арық тазалау 2. Күл-қоқыс шығару	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	145	145
2	Саябақтарды көгалдандыру және көріктендіру	1. Гүл егу және оны күту 2. Тал отырғызу және оны күтіп баптау	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	105	105
3	Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек	1. Құжаттарды компьютерде теріп, шығару	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	25	25
4	Жаңатас қаласында санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу	1. Қаладағы бекітілген аймақтардың тазалау	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	303	303
5	Әскерге шақыру кезіндегі ұйымдасқан шараларды орындау үшін көмек көрсету	1. Әскерге шақыру қағаздарын тарату	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	2	2
6	Тұрғын үйді күрделі жөндеу және құрылыс жұмыстарына қатысу	1. Аудандағы тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жұмыстарына қатысу	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	93	93
	Барлығы				673	673

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК